ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 04 қыркүйек №5265-23-00-2/1618 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Сейтжанұлы,
сот отырысының хатшысы Е.Т.Қаһаровтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының "Диспетчерлік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Satti Connect» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 15 ақпанда тараптар арасында 719 571,00 теңгеге интернет желісіне қол жеткізу туралы қызметті ұсыну мемлекеттік сатып алу туралы №5 шарты жасалған (бұдан әрі - Шарт).

Шарт бойынша қызыметті жеткізу шарттың күшіне енген күннен бастап 2023 жылдың 31 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін, яғни жауапкер 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін қызыметті көрсету керек еді.

Алайда, жауапкердің тарапынан қазіргі таңда қызымет көрсетілмей жатыр.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Талап қоюшының өкілі талаптарды қолдап, сотты талап қоюшының өкілінің қатысуынсыз өткізуді сұрады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 196-бабының 6-бөлігі негізінде, сот істі талап қоюшының қатысуынсыз қарады.

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 11.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.10.2023, судья Сейтжанұлы С., 23.10.2023
5265-23-3-1/1760

Жауапкердің өкілі талап қоюшының талаптарын ішінара мойындау туралы арызын тапсырып, сотты жауапкердің қатысуынсыз өткізуді сұрады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, белгіленген мерзімде тауар жеткізбеген. Талап қоюшының талабын мойындаған.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Satti Com» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Satti Com» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403,404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 11.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 13.10.2023, судья Сейтжанұлы С., 23.10.2023
5265-23-3-1/1760

азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья С.Сейтжанұлы

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 11.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.10.2023, судья Сейтжанұлы С., 23.10.2023

5265-23-3-1/1760